

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевтің, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновтың, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің бейресми кездесуін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 тамыздағы N 253-ө
Өкімі

Өңірлік ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 1-4 қыркүйекте Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевтің, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновтың, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің бейресми кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2006 жылғы 1-4 қыркүйекте Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевтің, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновтың, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің бейресми кездесуін (бұдан әрі - кездесу) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:
қосымшаға сәйкес Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы ресми делегацияларының (бұдан әрі - ресми делегацияларының) мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;
кездесуді Астана қаласында және Бурабай демалыс аймағында өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі ресми делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевтің, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновтың, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын ж ә н е о д а н ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі кездесуді бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын және өткізсін.

6. Астана қаласының әкімі ресми делегацияларды баратын жерлерде қарсы алу және шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Ақмола облысының әкімі ресми делегацияларды баратын жерлерде қарсы алу және шығарып салу, Бурабай демалыс аймағын дайындау, көшелерді безендіру және көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Астана қаласының әуежайында және "Ақорда" Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясында Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевті, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновты, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовті қарсы алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғы 2 9 т а м ы з д а ғы

№ 2 5 3 - ө ө к і м і н е

қосымша

**Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы,
Өзбекстан Республикасы ресми делегацияларының
мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы ресми делегацияларының мүшелерін Астана қаласындағы "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне, Бурабай демалыс аймағында 1+3 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру,

сондай-ақ оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риксос Президент Отель" қонақ үйіне және Бурабай демалыс аймағында орналастыру.

3. Баспа өнімін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Ресми делегациялардың басшылары мен мүшелері үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

5. Ресми делегацияларды Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бакиевтің, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмоновтың, Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтің құрметтеріне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Шаралар өтетін жерлерді гүлдермен безендіру.

8. Ресми делегациялардың мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

9. 2006 жылғы 2-4 қыркүйекте Бурабай демалыс аймағында жұмысқа тартылған қызметкерлерге радиостанцияларды жалға алу.